

Аралым

Сөзі Қ. Мырза Әлінікі
Әні М. Омаровтікі

1. Шалқыған теңіз,
Толқыған теңіз,
Көгілдір көк айдыным, көк айдыным.
Биікте жүрген,
Бұлттарды сүзген,
Бұрынғы жоқ айбының, жоқ айбының.

Қайырмасы:

Аққу арман,
Күтемін алдан,

Сағынып қанат қаға ма?
Толқыны тулап,
Шағала шулап,
Толар ма ауыл жағаға?
Арал, сен туралы айтам өн,
Арал, ақ айдыным аңсаған.
Арал, оралсаңшы қайтадан!
Арал!

2. Қарайған жерге,
Қуанған шөлге
Телміріп күн қарайды, күн қарайды.
Көк дауыл жеккен,
Кемелер шөккен
Жағада құм борайды, құм борайды.



4-тапсырма. Өлең мәтініндегі табиғатқа қатысты атауларды тіркескен сөзімен теріп жазып, сөйлем құраңыздар.

Сан есім

Заттың санын, қатарын, мөлшерін, бөлшегін білдіретін сөздер тобын **сан есім** дейміз. Сан есім мағынасына қарай 6 түрге бөлінеді: *есептік, реттік, жинақтау, болжалдық, топтау, бөлшектік.*

№	Сан есімдер	Сұрақтары	Жасалу жолдары	Мысалдар
1	2	3	4	5
1	Есептік сан есім заттың дәл санын білдіреді.	<i>Неше? Қанша?</i>	—	<i>он, отыз, алты, елу бес, жүз, алты жүз қырық бес т.б.</i>
2	Реттік сан есімдер заттың рет санын білдіреді.	<i>Нешінші?</i>	<i>-ыншы, -інші, -ншы, -нші</i>	<i>оныншы, жетінші, алтыншы, бесінші т.б.</i>
3	Жинақтау сан есімдері заттың жинақталған санын білдіреді.	<i>Нешеу?</i>	<i>-ау, -еу</i>	<i>біреу, екеу, үшеу, төртеу, бесеу, алтау, жетеу</i>

1	2	3	4	5
4	Болжалдық сан есімдер заттың санын шамамен, болжалдап қана білдіреді.	<i>Қанша? Неше? Қай шамалы? Қаншадан?</i>	1) <i>-даған (-деген), -таған (-теген), -лаған (-леген), -дап (-деп), -тап (-теп), -лап (-леп), -дай (-дей), -тай (-тей)</i> 2) Есептік санға <i>шақты, шамалы, тарта, таяу, жуық, жақын</i> деген шылаулардың тіркесуі арқылы жасалады.	<i>мыңдаған, жүздеген, бестеп, жиырмалап, жүздеп, мыңдай, алпыстай, қырықтай т.б.</i> <i>он шақты, жүз шамалы, мыңға тарта, отызға жуық, алпысқа таман, қырыққа тарта т.б.</i>
5	Топтау сан есімдері заттың санын жекелеп емес, топтап көрсетеді.	<i>Қаншадан? Нешеден?</i>	Есептік санның қосарланып, соңғы сыңарына шығыс септік жалғауы қосылу арқылы жасалады.	<i>он-оннан, екі-екіден, бес-бестен</i>
6	Бөлшектік сан есімдер заттың бөлшегін білдіреді.		Есептік сандардың <i>шығыс, ілік септігі</i> мен <i>тәуелдік жалғауларында</i> тұрып және <i>жарым, жарты, ширек</i> сөздерінің тіркесіп келуінен жасалады.	<i>оннан бірі, жүзден екісі, бес жарым, үш ширек, екінші бірі т.б.</i>



8-тапсырма. Төмендегі есептік сан есімдерге мағыналық түрлеріне қарай жұрнақтар жалғап, сөйлем құраңыздар.

Үш, жеті, тоғыз, он бір, отыз үш, алпыс алты, мың.

Үй жұмысы

Мәтінді пайдалана отырып ,сұрақтарға жауап жазыңдар.

1. Арал экологиясы мәселесі тек Қазақстанға қатысты ма?
2. Оны сауықтыру бағытында қандай мемлекеттер бірікті?
3. Мемлекет басшылары қандай шараларды жоспарлады?
4. Бұл шаралар қандай жүйелерді іске қосты?

Тірек сөздер

- Арал қасіреті
- алаңдату
- қалпына келтіру
- суқоймасы
- өршу

Арал өңірінің экологиясы, Арал қасіреті республика аумағынан асып, бүкіл әлемді алаңдатып отыр. Оны сауықтыру бағытында Орталық Азиядағы бес мемлекет – Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан және Түрікменстанның президенттері бірнеше рет кездесті. Мемлекет басшыларының шешімімен Арал алабын қалпына келтіру жобаларына қолдау білдіру туралы шаралар айқындалды.

Орта ғасырда Сейхун деп аталған Сыр өзенінің Фархад тауын жарып өтетін бір тармағына 1948 жылы Фархад ГЭС-і салынса, 60-жылдары Шардара ГЭС-і, мұнан басқа Тоқтағұл, Әндіжан, Шарбақ суқоймалары пайдалануға берілді. Бұл іс-әрекеттер көптеген суару-суландыру жүйелерін іске қосуға мүмкіндік берді.

Сырдың суын жол-жөнекей әр мемлекет жырып алып, соның нәтижесінде Арал теңізіне бір кездері кемерінен асып, төгіле аққан Сырдария өзенінің жұрнағы ғана жетіп жатты. Әмудария өзені де дәл осындай күйде болды. Арал теңізіне негізгі суды әкеліп жатқан Сырдария мен Әмудария өзендері 60-жылдардың басында 60 текше шақырым су берсе, 1980 жылдан бастап жылына орта есеппен 4 текше